

«Nursultan 77» балабақшасының

меңгерушісі: Табышева Н.Т.



Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тәрбиеші: Абатова С.

Бердімұратова Р.

" Nursultan 77 "балабақшасы
Хаттама №1
«Ертегі» ересек тобы
Тәрбиешілер : Абатова Салтанат Абатқызы
Бердімұратова Раушан

„Nursultan-77“ балабақшасында «Ертегі» ересек тобының ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 9

Барлық бала саны: 24

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

- 1.Танысу. Топпен,топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
2. «Біртұтас тәрбие» жұмыс жоспарымен таныстыру
3. Оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Ата-аналар төрайымын сайлау.
5. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар. Ойындар.

Тыңдалды:

1.Ата-аналар жиналысын меңгерушісі: Л.Т.Табышева ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі.

Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыпт астыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады,яғни таңертеңгілік жаттығу,таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы,ұйқыдан ояну, бесінді асы,ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Бұл топ балалары 4 жас аралығында болғандықтан, ересек топ деп аталады, яғни «Ертегі» тобы.Тәрбиешілері: Абатова С.А, Бердімұратова Р

2. Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды.Ертегі тобы «Біртұтас тәрбие» жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасайды. Бұл топта 24 сағат ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтеді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы 20-25 мин. Сөйлеуді дамыту,Сауат ашу негіздері, Қазақ тілі, Математика негіздері, Көркем әдебиет, Қоршаған ортамен таныстыру , сурет салу (мүсіндеу ,жапсыру, құрастыру)

3. Әр айдың 10-на дейін балалардың тамақтануына төлемақыны төлеп қоюға міндетті екені, ата-ана 8:00-8:30дейін балаларды кешіктірмей әкеліп, 18:30ға дейін алып кетулерін, балалардың үстін таза етіп әкелулері ескертілді.

4. Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Ата-ана комитетінің төрайымы: Жеңісова Ұ.Қ және Қалниязова Г.М.

Жиналыс қаулы етті:

- 1.Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.
- 2.Балабақша іс шараларына әр бала уақытылы қатыссын.

Бекітемін

ЖШС «Nursultan77»

Nursultan балалар бекетінің

менгерушісі



**Ата-аналар жиналысының
хаттамасы № 2**

Тәрбиешілер: Абатова С.А

Бердімұратова Р.Ж

2025-2026 жж

№ 2 Хаттама

Тақырыбы : “Ата – ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі”

Өткізілген күні : 28.11.2025

Қатысқан : 11

Қатыспаған : 11

Күн тәртібіндегі мәселелер :

1. Достық шеңбері :

2. Баяндама “Ата ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі”

3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.

Таңдалды:

Бірінші мәселе бойынша : Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып , бір – біріне тілек тіледі. Өздерін кімнің аналары екенін айтып өтті

Екінші мәселен бойынша: Баяндама:Ата-ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі.

Балаларымыздың болашағымыз, бала тәрбиесі еміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды , назар салатын басты мәселенің бірі.

Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік , экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет. Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына , отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап қабілеттерін барынша жүзеге асыру және үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуды қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып , біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатынын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғаш бастамасын отбасында алса , жалғасын балабақшамен байланысады. Яғни бала тәрбиелене отырып , білім алады. Сол себебтен балабақша ұжымы , тәжірбиелі педогогтердің жұмысының арқасында бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып тәрбие ісіне араласуына ат салысып жұмыс жүргізуіміз керек. Бірге болу керек екенін ұғындыру біздің басты міндеттеріміздің бірі екенін естен шығармауымыз керек.

4. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық туралы айтылды. Ертеңгілік “Геолог” мәдениет үйінде 29.12.2025 жыл сағат 12:00 де болатынын туралы , балаларға сыйлықтарды ата-аналары болып жиналып әкелетін болып

шешті.Видео,фотоға ата- аналар өздері түсіретін болды.Барлық бала жана жыл мерекесіне сай өз қалауларын киетін болды.

№ 2.Ата - аналар жиналысының шешімі.

1.Ата-аналар балаларды уақытында келіп,уақытында алып алып кетуі керек екенін қадағалау керек екенін шешті.2.Ата-аналар балабақша мен тәрбиешілер мен тығыз қарым - қатынаста болуын шешті.2.Ата-аналарға балабақша ақысын кешіктірмей төлеуге,баланы себебсіз қалдырмау жүктелді.

Ата аналар комитетінің төрайымы: Жұмағалиева С.С

Сарман.Г.Т



Бекітемін

ЖШС «Nursultan77»

Nursultan балабақшасының

менджерушісі: Овчинин



Л.Т. Табышева

Ата-аналар жиналысының

хаттамасы № 3

Тәрбиешілер:Абатова С.А

Бердімұратова Р.Ж

2025-2026 жж

Күні: 21.05.2024

Қатысқан ата аналар саны- 14

Қатыспағаны-9

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылының аяқталуына байланысты қортынды
2. Жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздік
3. Жазғы уақытта балабақшада өтетін іс-шаралар туралы

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша балабақшаның «Ертегі» ересек тобының тәрбиешілері
С.А.Абатова, Р.Ж.Бердімұратова сөз сөйледі.

2025-2026 оқу жылында балабақша оның ішінде ересектер тобы өз жұмысында ҚР БҒМ бекіткен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алды. Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу:

Физикалық қасиеттерді дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады

Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыру ұсынылатын мерекелер:

- Қазақстан халқы тілдері күні (5 қыркүйек);
- Республика күні (25 қазан);
- Жаңа жыл;
- Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз);
- Наурыз мейрамы (21-23 наурыз);
- Қазақстан халқының бірлігі мерекесі (1 мамыр);
- Отан қорғаушы күні (7 мамыр);
- Халықаралық балаларды қорғау күні (1 маусым)

2025-2026 оқу жылында балабақшаның 4 пен 5 жас аралығындағы ересек «Ертегі» тобын қабылдадық. 2025-2026 оқу жылында «Ертегі» тобына барлығы 23 бала қабылданды, Басқа ұлт өкілдері болған жоқ, Оның 16 қыз бала және 7 ұл балалар.

Балаларымыз өз білімдерін толықтырып, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауды, ата-аналарды, үлкендерді сыйлауды үйренді. Стандартта белгіленген міндетті білім деңгейлерін меңгертуге күш салдық. Әр баланың даму картасы, жетістіктер мониторингісі жүргізілді. Жыл ішінде балалардың дағдыларын

дамытудың салалары бойынша күнделікті сабақтар, мерекелік шаралар , ойындар жоспарлы түрде жүргізілді. Мерекелік даталарға арналған шараларға, «Ашық есік» күндеріне ата -аналар қатыстырылып отырды. Оның ішінде «Алтын күз», «Тәуелсіздік-тұғырым»,«Қош келдің,Жаңа Жыл"Аяулы, асыл - жандар"«Армысын,әз Наурыз!» т.б шаралар барысында тәрбиеленушілер белсенді қатысып, өздерінің білім, таным деңгейлерін, өнерлерін көрсетті.

2-ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Л.Т.Табышева сөз сөйледі.

— Құрметті ата –аналар,жазғы уақытта тәрбиеленушілердің қауіпсіздігіне бәріміз де жауапты екендігімізді ұмытпауымыз керек. Көшеге ,өзен,көл жағалауларына өз бетінше баруға ,қауіпті аймақтарға баруға тиым салынатындығын қатаң назарға алыңыздар. Балаларға қатысты орын алған кез –келген оқиғаның куәсі болсаңыздар, шұғыл құзырлы мекемелерге хабарласу керектігін ескертемін.

Жазғы уақытта балабақшада өтетін іс-шаралар жоспары бекітілді.Балалардың аталған шараларға толық қатысуын қамтамасыз етіңіздер.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Ертегі» ортаңғы тобының тәрбиешісілер С.А.Абатова, Р.Ж.Бердімұратова есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Жаз уақытындағы тәрбиеленушілердің балабақшадан тыс уақыттағы қауіпсіздігін қадағалау ата –аналарына міндеттелсін.
3. Жаз уақытында өтетін шаралар туралы ата –аналарды ақпараттандыру ,жұмысты ұйымдастыру тәрбиешілерге міндеттелсін.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:  Жұмағалиева С.С

Хатшы:



Сарман Г.Т